

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 615 "Қостанай облысы әкімдігінің ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 267 қаулысы

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы әкімдігінің ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 615 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75-үй.";

15-тармақта:

12) және 30) тармақшалар жаңа редакцияда жазылсын:

"12) ақпараттандыру және байланыс саласындағы ұлттық жобаларды іске асыруды қамтамасыз етеді;"

"30) Қостанай облысының аумағында цифрландыруды дамытуды, сондай-ақ ақпараттандыру және байланыс саласындағы ұлттық жобалар шеңберінде цифрлық шешімдерді жоспарлауды және енгізуді қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 48-1) тармақшамен толықтырылсын:

"48-1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген өзгерістердің және толықтырудың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысы әкімінің міндетін атқарушы

Е. Спанов